

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Рейтинг агенттіктері мен банктер мәмілелерін жүзеге асыра алатын облигацияларға арналған ең төменгі талап етілетін рейтингін, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асырған кезде мемлекеттік бағалы қағаздарымен мәмілелер жасай алатын елдердің ең төменгі талап етілетін рейтингін белгілеу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 128 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 30 қарашадағы № 239 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 28 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5975 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 176 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 176 (қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Б а с қ а р м а с ы

Қ А У Л ы

Е Т Е Д І :

1. Агенттік Басқармасының «Рейтинг агенттіктері мен банктер мәмілелерін жүзеге асыра алатын облигацияларға арналған ең төменгі талап етілетін рейтингін, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асырған кезде мемлекеттік бағалы қағаздарымен мәмілелер жасай алатын елдердің ең төменгі талап етілетін рейтингін белгілеу туралы» 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 128 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4717 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың екінші бөлігінде «үш» деген сөз «алты» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігінде «үш» деген сөз «алты» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

«2-1. Қазақстан Республикасының эмитентіне қатысты соттың қайтақұрылымдау жүргізу туралы шешімі бар болғанда, оның қайта құрылымдандырылатын облигациялары және өзге де міндеттемелері бар, осы қаулының 2-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін банктер қайта құрылымдау тоқтатылған айдан кейінгі он екі ай ішінде өз қызметін осы қаулының 2-тармағының талаптарына сәйкестендіре жүргізеді.

2-2. Осы қаулының талаптарына сәйкес келмейтін облигациялары бар банктер осы қаулының 2-1 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, 2011 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде аталған облигацияларды с а т с ы н . » .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

3. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттіктің Төрайым Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова